

24.04.2018 м.

№ 113-6dd

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 94-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. «Астана қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі және салық органдары әкімшілік етпейтін жергілікті бюджетке кірістерді жинауға жауапты уәкілетті органдар осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.К. Әмринге жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік - құқықтық бөлімі

Ә. Исекешев

«Астана қаласы әкімдігінің және
әкімінің актілері үшін»

Астана қаласы әкімдігінің
2018 жылғы «24» 04
№ 113-Бдд қаулысына
1-қосымша

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардың бюджетке түсуіне бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесі

Р/с №	Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардың бюджетке түсуіне бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың атауы	Жергілікті бюджет кірістерінің атауы
1	2	3
Салықтық емес түсімдер		
1.	«Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер